

## Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз және электрондық архивтерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 36 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 18 ақпанда № 13126 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 158 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 18.04.2018 № 158 (01.11.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-3-бабының 13-3) тармақшасына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз және электрондық архивтерін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электронды түрде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің  
2016 жылғы 20 қаңтардағы  
№ 36 бұйрығымен бекітілген

## **Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз және электрондық архивтерін қалыптастыру қағидалары**

### **1. Жалпы ереже**

1. Осы Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз және электрондық архивтерін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-3-бабының 13-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз және электрондық архивтерін қалыптастыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) бұқаралық ақпарат құралдары (бұдан әрі - БАҚ) - мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз бұқаралық таратудың басқа да нысаны;

2) бұқаралық ақпарат құралының өнімі – мерзімді баспасөз басылымының жеке нөмірінің немесе дыбыс-бейне бағдарламасының таралымы немесе таралымының бір бөлігі, радио-, теле-, кинохроникалық бағдарламалардың жеке шығарылымы, интернет-ресурста орналастырылған ақпарат;

3) бұқаралық ақпарат құралы өнімін тарату - мерзімді баспасөз басылымдарын сату (жазылу, жеткізу, үлестіру), радио-, телебағдарламаларды эфирге шығару, кинохроникалық бағдарламаларды көрсету және интернет-ресурстарда ақпаратты орналастыру;

4) мерзімді баспасөз басылымдарының меншік иесі – мерзімді баспасөз басылымдарын иелену, пайдалану және басқару құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, не жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі;

5) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

6) мерзімді баспасөз басылымы – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде үш айда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшасы;

7) оператор – уәкілетті органның мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз және электрондық архивтерін толтықтыруға және сүйемелдеуге жауапты қызметкері.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз және электрондық архивтерін қалыптастыру бұдан әрі бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтау мәніне олардың мониторинг жүргізуі мақсатында жүзеге асырылады.

4. Мерзімді баспасөз басылымдарының меншік иесімен міндетті тегін даналарын беру мерзімін бұзу "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 454-бабында көзделген әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.

## **2. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз архивін қалыптастыру тәртібі**

5. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз архивін қалыптастыру тәртібі қағаз архиві уәкілетті органның мекенжайына жіберілген мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының негізінде қалыптастырылады.

6. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналары мерзімді баспасөз басылымдарының меншік иесі уәкілетті органның заңды мекенжайына пошталық байланыс арқылы жіберіледі.

7. Дана уәкілетті органға түскен кезде оператор мерзімді баспасөз басылымы өнімінің жіберу күнін және таратуын бастау күнін салыстырады.

8. Салыстырғаннан кейін оператор мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының қағаз нұсқасын цифрлеуден өткізеді және оның нысанын мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивіне енгізеді.

## **3. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру тәртібі**

9. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архиві мерзімді баспасөз басылымдарының меншік иесі уәкілетті органның [archive@mic.gov.kz](mailto:archive@mic.gov.kz) электрондық поштасының мекенжайына жіберетін бас редактордың (редактордың) электрондық цифрлық қолымен куәландырылған және оператор даналардың қағаз нұсқаларын цифрлаған мерзімді баспасөз

басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық-цифрлық нысандары негізінде қалыптастырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 17.08. 2017 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

10. Алып тасталды – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 17.08. 2017 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

11. Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін данасы уәкілетті органға түскен кезде оператор мерзімді баспасөз басылымы өнімінің жіберу күнін және оны таратуды бастау күнін салыстыруды жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК